«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Қалмырза Ғазиза Махкәмқызының «Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші заң ғылымдарының кандидаты, профессор Г.Т. Алаеваның

ПІКІРІ

Қалмырза Ғазиза Махкәмқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың теориялық және тәжірибелік маңызы бар мәселелерін зерттеуге арналған. Таңдалған тақырып өзектілігімен ерекшеленеді. Зияткерлік меншік құқығы саласындағы құқық қолдану тәжірибесі мен ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы қажеттіліктеріне толық жауап береді.

Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші жоғары деңгейдегі теориялық дайындықты, күрделі құқықтық мәселелерді өз бетінше талдай алу қабілетін, сондай-ақ негізделген ғылыми тұжырымдар қалыптастыру дағдысын көрсетті. Автор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, халықаралық шарттар мен келісімдерге, сондай-ақ тауар таңбаларын қорғау саласындағы құқық қолдану және сот практикасына жан-жақты талдау жүргізген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы тауар таңбаларын құқықтық қорғау тетіктерін жетілдірудің жаңа тәсілдерін әзірлеумен, сондай-ақ шетелдік тәжірибені ескере отырып ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды тұжырымдаумен сипатталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған қорытындылар мен ұсыныстарды заң шығару қызметінде, сот және өзге де құқық қолдану тәжірибесінде, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінде пайдалануға болуымен айқындалады. Диссертация материалдары оқу процесінде зияткерлік меншік құқығы мен азаматтық құқыққа қатысты пәндерді оқыту барысында қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу ғылыми жоспар құру логикасына сәйкес келеді және заманауи ғылыми зерттеу құралдарын қолдана отырып баяндалған. Жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. Қалмырза Ғ.М.-ның диссертациялық жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі дәлелденіп, Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғау саласындағы заңнаманы жетілдірудің маңыздылығы көрсетілген.

Диссертациялық зерттеудің қорытынды бөлімінде Қалмырза Ғ.М. жүргізілген зерттеудің нәтижелерін жинақтап, негізделген қорытындылар жасайды және Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық

қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар ұсынады.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста тақырыпты ашатын мәселелер жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылған. Диссертациялық жұмысты логикалық тұрғыдан аяқталған, дербес ғылыми зерттеу деп бағалауға мүмкіндік береді. Диссертация ғылыми жаңалыққа ие, ол қорғауға ұсынылатын ережелерде көрініс тапқан. Автор алынған нәтижелерді, тұжырымдар мен ұсыныстарды негіздеу үшін ғылыми әдістерді тиімді қолданған. Зерттеу Қазақстан мен өзге мемлекеттердің заңнамасын, құқықтық доктринасын және құқық қолдану тәжірибесін салыстырмалы талдауға негізделген.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің өзі және ұжыммен дайындаған мақалаларында, оның ішінде, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті тізіміміен ұсынылған басылымдарда және конференция материалдарында жарияланған.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық кеңесте қоғамдық қорғауға ұсынылады.

Қалмырза Ғазиза Махкәмқызы «8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты.

Заң ғылымдарының кандидаты,
«Тұран» университеті
Құқық жоғары мектебінің профессоры _____ Г.Т. Алаева

Басшымын. «Тұран» университетінің ҚҚКБ ... бастығы
«21» 08 2026 ж.

КЕҢСЕ